

атқаратындығын, ал оларды тиісті заңнамалық реттеу мен іске асыру тұрғын үйдің әділ және тиімді нарығын құрудың негізгі факторлары болып табылатындығын атап өтеді.

Тұрғын үй құқықтарының маңыздылығы олардың Қазақстан Республикасын қоса алғанда, әртүрлі елдердің Конституциялары мен заңнамаларында бекітілуінен көрінеді.

Тұрғын үй құқығының негізгі қайнар көздерін талдау тұрғын үй заңнамасы құрылатын негізгі принциптерді және азаматтардың тұрғын үй құқықтарының негізгі категорияларын анықтауға мүмкіндік берді. Ғалымдар тұрғын үй құқығы, тұрғын үй жағдайын жақсарту құқығы және тұрғын үйді жекешелендіру құқығы сияқты маңызды құқықтарды бөліп көрсетеді. Осы құқықтарды іске асыру мемлекеттің белсенді түрде тиісті жағдайлар жасауын, сондай-ақ азаматтардың осы құқықтарға қол жеткізуіне ықпал етудің және бақылаудың тиімді тетіктерін әзірлеуін талап етеді.

Осылайша, азаматтардың тұрғын үй құқықтарын құқықтық бекітудің теориялық негіздері күрделі және көп қырлы құбылыс болып табылады, оны зерттеу тұрғын үй қатынастарын реттеу тетіктерін тереңірек түсінуге және оларды іс жүзінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Нерсесянц В.С. Философия права: учебник для вузов / В.С. Нерсесянц. – Москва: Норма, 2004. – 528 с.
3. Беляев С.А. Проблемы жилищного законодательства в Российской Федерации: монография / С.А. Беляев. – Санкт-Петербург: Издательство СПбГУ, 2017. – 190 с.
4. Самородов О.В. Жилищное право: учебное пособие / О.В. Самородов. – Москва: Юрайт, 2019. – 264 с.
5. Шишкин А.Е. Современные аспекты реализации жилищных прав граждан в Российской Федерации: монография / А.Е. Шишкин. – Москва: Юридическая литература, 2016. – 224 с.
6. Чуйков С. В. Жилищное право Республики Казахстан: особенности становления и развития / С. В. Чуйков. - Астана: Издательство Айқап, 2016. - 280 с.
7. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094_
8. Сайлаубекова Г.А. Экологическая устойчивость в жилищном строительстве Республики Казахстан // Экологический вестник Казахстана. - 2018. - №2. - С. 32-35.
9. Жарова М.Н. Проблемы доступности жилья для разных категорий населения в Республике Казахстан // Социология: научные исследования. - 2020. - №1. - С. 78-82.
10. Абдрахманова Г.С. Жилищное право в Республике Казахстан: основные категории и условия реализации прав граждан. - Алматы: Юридический факультет, 2017.
11. Жариков В.С. Сравнительный анализ жилищного законодательства России и стран СНГ / В.С. Жариков. - Москва: Издательство Юрайт, 2017. - 350 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА НЕКЕНІ БҰЗУ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асетова Г.Б. – Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.

Тілеп Т.С. – Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.

Некені бұзу туралы істерді қараудың құқықтық қырларын талдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі некені бұзу мәселелерін қарау және шешу процесі азаматтық істердің басқа түрлерімен салыстырғанда өзіндік ерекше сипаттамаларға ие.

Некені бұзу туралы істерді қараудың ерекшеліктерін зерттеу некенің әлеуметтік институт ретіндегі маңыздылығына байланысты ерекше маңызды болады.

Қазіргі уақытта некені бұзу елдегі демографиялық жағдайға әсер ететін және әлеуметтік шиеленісті тудыратын негізгі факторлардың біріне айналды. Сондықтан заңнамадағы өзгерістерді үнемі қадағалап отыру, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу қажет, бұл Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі мен Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің ережелерін ағымдағы қоғамдық қажеттіліктерге бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде некені бұзу мүмкіндігі қарастырылғандығын айта кеткен жөн. Берік діни дәстүрлері бар кейбір елдерде бұл мүмкіндік заңнамамен тек ХХ ғасырда (мысалы, Ирландияда) бекітілген. Ватиканда некенің абсолютті бұзылмау принципі әлі де бар. Израильде некені бұзу тараптардың өзара келісімімен ғана мүмкін болады. Егер әйел адам некені бұзғысы келмесе, сот зайыбына екінші некеге тұруға рұқсат беруі мүмкін, өйткені Тора (Иудаизмдегі «Пятикнижие») көп әйел алуға мүмкіндік береді[1;75].

Сотта қаралатын некені бұзу туралы істердің басқа санаттардан айрықшаландыратын өзіндік ерекшеліктері бар. Сотқа некені сақтауға бағытталған шараларды қабылдау тапсырылғанын ескере отырып, бұл ерекшеліктер некені бұзу туралы дауларды жан-жақты және толық қарауға, ерлі-зайыптылардың ғана емес, олардың кәмелетке толмаған балаларының да мүдделерін қорғауға бағытталғанын көрсетеді. Некені бұзудың негіздері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 4-тарауында айқындалған[2].

Некені тоқтатудың өзге де себептеріне қарағанда некені бұзу ерлі-зайыптылардың біреуінің, ерлі-зайыптылардың екеуінің немесе әрекет қабілеттілігінен айырылған жұбайының қамқоршысының қалауы бойынша болатынын атап өту маңызды. Некені бұзу ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке құқықтық қатынастардың аяқталуына әкеледі. Сот шешімі күшіне енгеннен кейін иеленген барлық мүліктері ерлі-зайыптылардың жеке меншігіне айналады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес неке мынадай тәсілдермен тоқтатылуы мүмкін:

1. Ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өтініші бойынша некені бұзу. Мұны тіркеу органдары арқылы немесе сот арқылы жасауға болады.

2. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының (зайыбының) қамқоршысының өтініші бойынша некені бұзу.

3. Ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы немесе оны хабар-ошарсыз кетті деп тану салдарынан некені тоқтату.

Маңыздысы, жұбайының келісімінсіз оның жүктілік кезеңінде және бала бір жасқа толғанға дейін некені бұзуға жол берілмейді. Неке бұзылған кезде мүлікті бөлуге, алимент алуға және балаларды қамқорлыққа алуға байланысты мәселелер сот тәртібімен қаралуы мүмкін

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 19-бабында ерлі-зайыптылар арасындағы некені сот тәртібімен бұзу жүргізілетін жағдайлар белгіленген. Бұл тәртіпті орнатудың басты мақсаты - кәмелетке толмаған балалардың немесе некелері әкімшілік тәртіппен бұзылған ретте құқықтары мен мүдделері бұзылуы мүмкін деп санауға негіз болған жағдайда ерлі-зайыптылардың біреуінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттілігі болып табылады.

Бұл жағдайларға келесілер жатады:

- Ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуы;
- ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімінің болмауы;
- ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзудан жалтаруы;

- ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүлкітік және өзге де талаптарының болуы.

Некені сот тәртібімен бұзуға ерлі-зайыптылардың бірінің талап арызы негіз болып табылады, онда некені бұзу туралы негізгі талаптан басқа мүлкіті бөлу туралы талаптар, алимент өндіріп алу туралы талаптар да болуы мүмкін. Некені бұзу туралы талап арызы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148-бабының талаптарына сәйкес келуі керек екенін атап өткен жөн [3]. Талап арызда: некенің (ерлі-зайыптылықтың) қашан, қайда тіркелгені, ортақ балалары бар ма, олардың жасы, ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балаларының қайсысы кіммен бірге тұратыны туралы келісімге келді ме, балаларды және (немесе) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға арналған қаржыны төлеу тәртібі туралы, оған жұмсалатын қаражат мөлшері туралы немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіні бөлу туралы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде оны бұзуға өзара келісім болмаған жағдайда оны бұзудың себептері, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талаппен бірге басқа да талаптардың қойылған-қойылмағаны көрсетіледі [4]. Некені бұзу туралы талап арызға мыналар қоса беріледі:

- талап арыздың көшірмесі;
- неке қию туралы куәлік;
- мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- басқа табыс көздерінің табысы мен мөлшерін растайтын (егер баж мөлшерін азайту немесе алимент өндіріп алу туралы талаптар мәлімделген болса).

Егер ерлі-зайыптылардың арасында некені бұзуға келісім болса, бірақ араларында ортақ кәмелетке толмаған балалар болған жағдайда сот некені бұзудың себебін анықтамай, некені бұзуды жүзеге асырады.

Әрекет етуші неке және отбасы заңнамасының тиісті нормасы ерлі-зайыптылардың біреуінің келісімі болмаған кезде некені бұзу бойынша талапты қанағаттандыру туралы сот шешімін қабылдау мүмкіндігін отбасын сақтап қалудың және ерлі-зайыптылардың одан әрі бірге өмір сүруінің мүмкін еместігін көрсететін мән-жайларды белгілеумен байланыстырады. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 20-бабы мұндай жағдайлардың толық тізімін бермейді, өйткені бұл мүмкін емес. Іс жүзінде бұл жағдайларға мыналар жатады: зинақорлық, ішімдікке салыну, отбасы мүшелеріне қатыгездік көрсету, ұзақ уақыт бөлек тұру және т.б.

Неке және отбасы заңнамасының 20-бабы, егер ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаса, ерлі-зайыптылардың татуласуына шаралар қабылдауға және талап арызда келтірілген дәлелдерді тексеруге сотқа нұсқау береді. Осы мақсаттарға жету үшін сот ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім беру арқылы сот ісін кейінге қалдыруы мүмкін.

Сот осы санаттағы істерді ҚР АПК нормаларына сәйкес, әдетте, ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен қарайды. Алайда, сот істі жауапкер – жұбайы болмаған кезде, егер оның келмеу себептері дәлелді болмаса немесе осы мәліметтер болған кезде сот оларды құрметтемеушілік деп таныса немесе сот жауапкер бұл іс бойынша іс жүргізуді кешіктіреді деп санаса, қарауы мүмкін.

Татуласу мерзімі аяқталғаннан кейін сот істі мәні бойынша қарауды жалғастырады және сот шешімін шығарады. Еліміздің неке және отбасы заңнамасының отандық тәжірибесі үшін айтарлық мәселе – бұл Қазақстан Республикасының неке және отбасы заңнамасының нормаларына сәйкес, некені бұзу сотпен ерлі – зайыптылардың татуласуына берілген мүмкіндіктердің нәтижесіз деп тапқан жағдайларда ғана емес, сонымен бірге ерлі-зайыптылар некені бұзуды талап еткен кезде де жүзеге асырылатындығы.

Қазақстан Республикасы соттың осы санаттағы істерді жұбайының келісімімен, бірақ олардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған кезде немесе ерлі – зайыптылардың біреуінің некені бұзудан бас тартқан кезде талдау ерекшеліктерін белгілейді. Бұл ерекшеліктер:

- себептерін анықтамай, некені сот тәртібімен бұзу;

- кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қорғауға шаралар қабылдау міндеті.

Кәмелетке толмағандарды қорғауды сот ерлі-зайыптылар арасындағы балалар туралы келісімнің бар-жоғын тексеру және бағалау арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар, бұл балалар туралы дау туындағанына қарамастан болады.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 22-бабына сәйкес, некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу кезінде ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын (зайыбын) күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы, ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындау туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады[2]. Сонымен қатар, балалардың құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда сотпен қолданылатын шаралар қарастырылған. Осы орайда, егер кәмелетке толмаған балалар туралы келісім болмаса немесе ол бар бола тұра, бірақ балалардың мүдделерін ескермей жасалған болса, сот істің мән-жайларын негізге ала отырып, некені бұзғаннан кейін балалардың кіммен бірге тұратынын және оларды күтіп бағуға кімнен қаражат өндіріп алынатынын, жұбайынан ақша қаражатын алуға құқығы бар екінші жұбайдың талап етуі бойынша осы қаражат мөлшерін, ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәртібін анықтайды. Сонымен қатар, сот мүлікті бөлуді жүзеге асыра отырып, кәмелетке толмаған балалардың ата-аналарының қайсысымен қалатынын ескереді.

Әрекет етуші заңнамаға сәйкес, некені бұзу туралы өтініш берліген сәттен бастап, сот тәртібімен некені бұзуға мүмкін болмайтын мерзім анықталған. Аталған мерзім, әкімшілік тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында некені бұзу мерзімімен сәйкес келеді, яғни бір айды құрайды.

Ата - ананың қайсымен кәмелетке толмаған баланың тұратындығы туралы ерлі-зайыптылармен талаптың қойылмағандығына қарамастан, сот кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты шаралар қолдануға тиіс.

Соттар некені бұзу туралы істерді қараған кезде неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалардың қай ата-анамен бірге тұратынын және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас тәртібін анықтау мәселелерін шешу үшін «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысындағы көрсетілген түсініктемелерді басшылыққа алуы керек [5]. Оған сәйкес, сот балалардың тағдырын анықтау мәселесін шешкен кезде тараптарға бөлек тұратын ата-ананың баланы тәрбиелеуге құқығы бар екендігін және қатысуы керектігін, ал бала бірге тұратын ата-ана бұған кедергі бола алмайтынын түсіндіруге тиіс. Баладан бөлек тұратын ата-ананың баламен араласу құқығын, сондай-ақ осы ата-анамен араласу кезінде кәмелетке толмаған адамның құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттігін негізге ала отырып, сот әрбір нақты істің мән-жайларын ескеріп, араласудың тәртібін (араласу уақыты, орны, ұзақтығы және т.б.) айқындайды және оны шешімнің қарар бөлігінде көрсетеді.

Ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау кезінде оның жасы, денсаулық жағдайы, ата-ананың әрқайсысына үйірлігі және баланың физикалық және психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына әсер ететін басқа да мән-жайлар назарға алынады.

Қорытындылай келе, заңнаманың жоғарыда аталған ережелері ерлі-зайыптылардың және олардың кәмелетке толмаған балаларының мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз етудегі, сондай-ақ отбасы сияқты қоғамның осындай маңызды бөлігін сақтаудағы мемлекеттің мүддесін көрсететінін атап өткен жөн. Заңнамада некені бұзу туралы істерді қараудың жекелеген ерекшеліктері айқындалған. Осылайша, неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексте некені бұзу туралы мәселе сот тәртібімен шешілетін және олардың біреуінің келісімі болмаған жағдайда да не басқасында да сотқа ерлі-зайыптылардың татуласуына мүмкіндік беруге мерзім белгілеуді ерекше атап өтуге негіз бар.

Қазіргі қоғамда некені бұзу мәселелері өзекті бола түсуде. Сондықтан заңнамадағы өзгерістерді үнемі қадағалап отыру, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу қажет, бұл

еліміздің азаматтық іс жүргізу заңнамасы мен неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы заңнамасынаң ережелерін ағымдағы қоғамдық қажеттіліктерге бейімдеуге мүмкіндік береді. Демек, осылайша некені бұзуға байланысты мәселелерді тиімді шешуді және процестің барлық қатысушыларының мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Матросов Н.А. К вопросу о специфике судебного разбирательства по делам о расторжении брака // Юридическая наука. – 2012. – №4. – С. 74-78.
2. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377/k377_1.htm
4. Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуір N 5 нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P00000005S__
5. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000015S#z0>

АЗАМАТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА СМАРТ КЕЛІСІМ – ШАРТТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тоқатов Р.А., з.ғ.м., аға оқытушысы, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Раймова А.Ж., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті, 2 курс студенті

Қазір технологиялардың дамуы төртінші өнеркәсіптік революцияның қарсаңында тұр. Соңғы жылдардағы жедел цифрландыру мен жаңа технологиялардың дамуымен әрбір жеке тұлғалардың, қызметтің тұтас секторларының өмірінде айтарлықтай өзгерістер болуда. Қазіргі уақытта Қазақстан өз экономикасының түрлі салаларын айтарлықтай жетілдіруге әкелетін жаңа технологияларды белсенді зерттеп, енгізуде. Осындай инновациялардың бірі - құқықтық қатынастар саласында жаңа мүмкіндіктер ұсынатын «смарт келісім - шарттар». Технологиялық прогреске ұмтылатын Қазақстан Республикасында смарт келісім-шарттар мен азаматтық-құқықтық қатынастардың қиылысуы ерекше ойлар мен мүмкіндіктер жиынтығын тудырады. Смарт келісім-шарттар автоматтандыру, сенімділік, қолжетімділік және үшінші тұлғалардан тәуелсіздік сияқты әртүрлі артықшылықтарды ұсына отырып, Қазақстандағы заң мен құқық саласында айтарлықтай өзектілікке ие.

Смарт келісім-шарттың құқықтық табиғатын зерттеу кезінде зерттеушілер смарт келісім-шарттың цифрлық өнім ретінде және заң институты ретінде әрекет ететіндігін жиі ескермейді. Сондықтан, смарт келісім-шарттың құқықтық сипатын анықтау үшін, ең алдымен, смарт келісім-шарттың техникалық мағынада не екенін түсіну керек. Смарт келісім-шарт (ағылшынша: Smart contract) – блокчейн технологиясына негізделген бағдарламалық жасақтама коды, келісім-шарттарды жасасуға және қолдауға арналған компьютерлік алгоритм. Бұл келісім-шартта белгіленген белгілі бір шарттарды орындау кезінде үшінші тұлғалардың қатысуынсыз тиісті әрекеттерді дербес орындайтынын білдіреді [1].